

ӘОЖ 070

О.Ж. Ошанова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: kulpnai@mail.ru

Журналистің кәсіби құқықтары мен қызметтік этикасы: негізгі ұстанымдар мен қағидалар

Автор бұл мақалада журналистің кәсіби қызметі мен шығармашылық жұмыстарын атқару барысында орындауға міндетті құқықтық заңдылықтары мен этикалық нормалары туралы жан-жақты сөз етеді. Сонымен қатар бұл бағыттағы нақты ұстанымдар мен қағидаларды тәжірибелік тұрғыдан талдап, журналистің міндеттері мен жауапкершіліктерін жүйелеп көрсеткен.

Түйін сөздер: журналистік құқық, құқықтық нормалар, кәсіби этика, мораль, ақпарат, әдептілік қағидалары.

O. J. Oshanova

Legal and ethical standards of the journalist: the basic principles and laws

The author examines the problems of professional ethics of the journalist. We study the use of journalists ethical and legal standards in the creative process. The theoretical propositions are supported by examples from newspapers, to draw conclusions about the duties and responsibilities of journalists.

Keywords: journalists' rights, the rule of law, professional ethics, morality, information, ethics.

О.Ж. Ошанова

Правовые и этические нормы журналиста: основные принципы и закономерности

Автор рассматривает проблемы профессиональной этики журналиста. Изучается использование журналистами этических и правовых норм в творческом процессе. Теоретические положения подтверждаются примерами из газет, делаются выводы об обязанностях и ответственности журналистов.

Ключевые слова: права журналиста, правовые нормы, профессиональная этика, мораль, информация, нравственные принципы.

Журналист қызметінің әдептілік қыры жалпы қоғамның қызығушылығын тудырып отыруының басты себебі, қазіргідей қалыптасқан ережелер мен заңдылықтарды көзге ілмей, шектен шығушылық жағдайында БАҚ-ты топтық мүддені таныту немесе жеке бастың есеп айырысуы, өздерінің басымшылық сипаттағы көзқарастары мен өмірлік қызығушылықтарын жариялаудың құралы ретінде пайдалану жағдайының жиілеп кетуінде жатыр. Өртүрлі түрдегі және деңгейдегі басылымдар полемиканың төменгі мәдениетін таныту құралына айналып барады, оппоненттің ұстанымын шынайы танытпайды, бөгде пікірлерді таңуды жария түрде жүргізе береді.

Журналистиканың маңызды принциптерінің қатарына шынайылық пен объективтілік кіреді, бірақ біздің баспасөз сенсация үшін жалған қисынсыз ақпараттарды әрі ойдан шығарылған оқиғаларды жариялайды, ал бұл әрекеттер «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңмен және т.б. құқықтық нормалармен реттелмейді. Бұл жерде ешкім редакцияның жалған мәліметті жариялағанын мойындатуына әрі қарсы мәлімдеме жасатуына қауқарсыз, тек егер жарияланған ақпарат айтылған кейіпкердің іскерлік беделіне, абыройына нұқсан келтірсе әрі моральдық күйзеліске ұшыратса ғана бұл іске арнайы құқық қорғау мамандары араласып, кейіпкердің шағымын қанағаттандыра алады.

Бұл жағдайда газет немесе мақала авторлары жалған мәліметті таратқаны үшін құқықтық жауапкершілікке тартылмайды, тек кәсіби этиканы бұзды деп есептеледі.

Адамдардың қоғам және басқа адамдар алдындағы міндеттерін анықтайтын адамгершілік іс-әрекет ережелері, қағидалар жүйесі мораль деп аталады және қоғамдық сананың бір түрі болып есептеледі. Ал мораль туралы оқыту, адамгершілікке шақыру қоғамдық сананың бір түрі ретінде этика деп аталады. Этика да мораль сияқты адамдардың әдепті іс-әрекеттері, олардың қоғамдық борыштары, олардың халық алдындағы, отбасы алдындағы және бір-бірінің алдындағы міндеттері ережелерінің жүйесін құрайды. Кәсіби мораль дегеніміз – қоғамдық ізгіліктің түрленуі. Ал моральдың кәсіби ерекшеліктерін зерттейтін ғылым кәсіби этика деп аталады.

Журналистке өз кәсіби қоғамның атынан көпшіліктің қызығушылығын тудырған оқиғаларға байланысты жария түрдегі моральдық үкім жасауға құқықтар беріп және нақты міндеттер жүктейді. Тақырып таңдау, мекен жайларды іздестіру, материалдың жарияланатын мақсатын анықтау, деректер жинау, кейіпкердің іс-әрекетін бағалау немесе оқиғаның мінездемесін ашу, материалды жазудың құрылымын ойластыру, міне, осындай жазудың кезеңдік жұмыстарын атқарған кезде міндетті түрде журналистің кім туралы және кімге арнап жазып отырғандығы сияқты қарым-қатынасы анықталады. Бұл жерден журналистің моральдық қарым-қатынасы жұмысының мазмұнымен тығыз астасып жатқанын көруге болады әрі жұмысы бастан аяқ сипаты жағынан әдептілік сипатқа толы шығармашылық болып танылады. Бұл орайда журналистік моральды қоғамдық сананың бір түрі ретінде, жеке тұлғаның өзіне ғана тән құбылыс ретінде және шынайы қоғамдық қарым-қатынас ретінде қарастырған дұрыс болады.

Журналистің іс-әрекетін адамгершілік тұрғыдан реттеу нақты принциптер пен ережелердің деңгейінде іске асырылады. Олардың айырмашылықтары нақтылық деңгейіне тікелей байланысты. Адамгершілік принципі адамның ой-өрісі мен танымына тікелей байланысты, осы сипатта танылады, яғни іс-әрекетті реттеуші мен идеалдың пір тұтушы арасындағы байланыс, адамгершілік ережесі тәжірибедегі бағыт-бағдар. Адамгершілік ережелерінің шынайы

көрінісі былайша жүзеге асады: оқиға – бағалау – іс-әрекет – нәтиже. Ережелер міндетті мысалы, плагиатқа тыйым салу, жол беруге болатындай мәліметтерді тексеру аса қайшылықты емес, бірізге салынбаған нақты бір пікірдің болмауы, мәселен бірнеше кәсіпті бірлесе алып жүруге мүмкіндік беру немесе сөйлесуші адамнан жасырып диктофон қолдану мәселесі деген сипатта бірнеше бағытта жіктеледі. Бұдан шығатын қорытынды, материалдың кейіпкерімен бетпестік кездесу, егер ол туралы жағымсыз пікір білдіріп жатсаңыз міндетті, ал басқа жағдайларда кездесу шартты мәселе емес. Газет тәжірибесінде автормен барлық редакциялық түзетулерді келісу талабы көп жағдайда орындалмай жатады, себебі бұл техникалық мәселелермен тығыз байланысты. Мәселен, материал берілген орынға сыймай қалады, бұл жағдайда бірнеше жолды қысқартуға тура келеді, ал автор басқа қалада. Бұл жерде нақты міндетті шешу үшін редактор автордың шығармасына оның рұқсатынсыз қол тигізуге мәжбүр болады. Кәсіби мораль мұндай қолсұғушылықты ақтап алады.

Кәсіби мораль ережелері әртүрлі деңгейдегі жалпыламалық сипатқа ие. Бір ережелер маманға жеке оқиғалар шегінде араласуға тек аз мөлшерде ғана бағдар береді, мәселен, «түзету кезінде оқырман хатының негізгі мазмұнын жойып алма», «кездесуші адаммен сұхбатты алдын ала келісіп барып ал», «құжатты жарияламас бұрын иесінің келісімін ал», ал басқа талаптар жалпы сипатта болып келеді. Жеке оқиғалар шегінен шығып кеткен мұндай жазбалар кәсіби мораль принциптері деп аталады. *Журналистке қойылатын талаптар жүйесін осы талаптардың жиынтығы, яғни үшқабатты пирамида* ретінде қарастыруға болады. Ең жоғарғы қабатында *кәсіби борыш, жауапкершілік, ар-ұят, абырой, бедел* сияқты категориялары орналасады. Екінші деңгейді журналистің іс-әрекетін нақты талаптар жүктейтін *өндірістік этикалық принциптер* құрайды. Үшінші деңгейдегі реттеуші топқа *тыйымдар немесе қырағылыққа итермелейтін ережелер*, яғни нақты өндірістік оқиғалар барысында журналистің іс-әрекетінің барлық қырларын реттейтін кәсіби этикалық нормалар кіреді.

Этика талаптары күнделікті журналист пен аудитория, журналист пен ақпарат көздері, журналист пен шығарма кейіпкері, журналист пен автор, журналист пен редактор, журналист пен ре-

дакция ұжымы, журналист пен оның жұмыстағы әріптестері арасындағы қарым-қатынас кезінде нақты іс жүзінде көрініс тауып, ережелерге айналады.

Қарым-қатынастың алғашқы үш түрі журналистің әлеуметтік ортадағы іс-әрекетімен немесе кәсіби этикамен тығыз байланысты болып келсе, ал қалғандары оның кәсіптік, яғни журналистік ортадағы немесе журналистің қызметтік этикасы барысында туындайды.

Журналист дерек жинай жүріп ақпарат алудың түрлі көздерін пайдаланады: **жекелік адам, ұжымдық және деректік.**

Ақпарат алудың негізгі көзі – адам.

Адамдар журналистке өзі немесе жолдастары туралы мәліметтер беруге міндетті емес. Ал оларды сөйлету үшін журналист дәйекті деректерді алға тарта отырып, адамды білетін ақпаратын айтуға сендіру қажет әрі өз өтінішін сыпайылықпен жеткізе білуі керек. Кездесіп отырған адамды қорқытуға болмайды, өзіңіздің басымдылығыңызды танытып, баспасөз арқылы есеп айырысам деген ниетіңізді танытпағаныңыз жөн. Жағымды пішінде жазылатын материал үшін адамдар мәліметтер беруден бас тартса жұмыстың нәтижесін жариялау уақыты келген жоқ деген және т.б. сылтаулар айтса, бұл жайтпен санасқан дұрыс. Ал баса айтатын жайт, журналистке деген көпшіліктің сенімсіздігінің түп-тамыры, оның әріптестерінің осы ұжымда бұрындары болып, этикаға жатпайтын іс-әрекет көрсетуінде жатуы да мүмкін. Ал мұндай келеңсіздікті жою үшін журналистке әр қадамын ойланып жасап, ұжымның сеніміне ие болу шараларын жасауы қажет.

Мұндай жағдайда имитация тәсілі тиімді болып саналады, яғни адамның көңілін басқа бағыттарға аударып жіберу, кейіпкердің жеке басына қатысты мәліметтерді жинастыру барысында қажетті ақпараттарды тікелей сұрамай, жалпыдан жалқыға көшу әдісі арқылы алып, оның өзін тергеушінің алдында отырғандай сезінбей, өзін еркін ұстап, сауалдарға қымсынбай жауап беруіне жағдай жасау. Журналист алдынала ол туралы басқа ақпарат көздерінен алған мәліметтерді және адамның мінезін ашу үшін маңызды жайттарды нақтылай түсу үшін әрі өзі қажет деп тапқан сұрақтарға дұрыс жауап алу үшін кейіпкермен сұхбаттасады және оның осы бағытта өз ойларын білдіруіне әрі қосымша мәліметтерді жариялауына жағдай жасайды.

Ақпаратты сәтті жинаудың негізгі шарты – кездесуші адамыңыздың көңіл-күйін жіті бағып, сезіне білу және жақсы көңіл күйде отырған өзгерістерге сай тез қарекет етіп, табандылықпен әрі әдептілікпен өз әңгімеңізді жалғастыра білу ептілігі керек, сонымен қатар әңгімеңізді қажетті арнаға бұрып, нақты әрі тақырыпты жүйелі түрде жалғастыруға негіз болар сұрақтарды қоя білген жөн.

Кездесу кезінде журналистің белсенділігі мен іс-әрекетінің әдептілігі оның сұрақ қоюынан, жарияланған мәліметтерге орай айтылған сын пікірлерге деген көзқарасынан, оларды сөзбен, мимикамен, жест көмегімен бағалауынан анық көрінеді. Сұрақтың әдептілігі, жағдайға байланысты орынды қойылуы – журналистің кәсіби деңгейінің жоғарылығы мен тәрбиелілігінің ең басты белгілерінің бірі. Егер кейіпкер қойған сұраққа жауап бере алмаса, яғни бас тартса немесе қарабайыр жауап берсе, онда журналист келеңсіз сұрақ қойды деген сөз. Келеңсіз сұрақтар адамды ыңғайсыз жағдайға қалдырады әрі намысына тиеді, ал жарияланған жауап оның жеке басының беделіне нұқсан келтіреді. Орынсыз әрі әдепсіз сұрақтарға кейіпкердің қарапайым пішіндегі жауабын бадырайтып көрсетіп, оның қол жеткізген табыстарына сыни көзқараста қарамай, керісінше, мақтанып отырған кейіпте көрсету бағытында қойылған сұрақтар да жатады, яғни журналист адамды өтірік қолпаштап, асыра мақтап жібереді. Бұл жағдайда кейіпкердің бейнесі теріс кейіпте көрінеді. Журналистің негізгі мақсаты – шынайы мәліметтер алу болғандықтан, репортер мүдделі болып отырған жауаптың нұсқасын тікелей немесе жанама түрде айғақтап беретін сұрақтарды қоймағаны жөн. Ақпаратты жинаудың бұл түрінде журналистің ықпалымен, яғни жасанды жолмен алынған мәліметтердің шынайы деп танылып кету қаупі туындайды.

Кейіпкердің іс-әрекеттерін үнемі бақылап отыру, яғни бір сөзбен айтқанда, оның сөйлеген сөзі мен іс-қимылдарын қас-қағым сәтке болса да қалт жібермей, бағып отыру.

Кей кездері кездесуші нақты бір мәліметтерді бере отырып, журналистке «бұл сөзімді жарияламай-ақ қойсаңыз» деген ескерту айтады, бірақ ол адам өзі айтқан жайттардың жарияланып кетуі мүмкін екені түсіне отырып әрі журналистің қажет болған жағдайда басқа ақпарат көздері арқылы бұл жайында

қосымша дәйектер ала алатынын біле тұра, осындай өтініш жасайды. Бұл жағдайда журналист кейіпкерінің «баспасөзге жарияламай-ақ қойсаңыз» деген сөзін жерге тастай ма, әлде орындай ма, бұл мәселені редакция шешеді. Бірақ қандай шешім қабылданса да мәлімет берген адамды ескерту керек, ал ол адам ресми түрде өтініш жазып, редакцияның деректерді жарияламауын сұрауға құқылы. Редакция жеке басқа қатысты мәліметтерді автордың жазбаша түрде берген келісімімен ғана жариялайды немесе көп жағдайда оны бүркеншек атпен береді. Сыни материалдарды әзірлегенде журналистің өзі білетін мәліметтерді жариялағанда ақпарат беруші адамды жаңылыстырып жіберу тәсілін қолдануы аса үлкен заңсыздық болып танылмайды, ол қажетті мөлшерде рұқсат етіледі.

Егер журналистің бойында байқағыштық әрі қызығушылық сезімі болмаса, адамдардың психологиялық жағдайын тез әрі дұрыс бағалай білетін қабілет болмаса, онда ақпарат жинау деңгейімен қоса, материалдың сапасы да төмендейді. Журналист егер де әңгімеге өзек болар тақырыпты жан-жақты білмесе, оны дұрыс бағалай алмаса, кездесуші адамын дұрыс тыңдамаса, кездесу барысында әдепсіз сұрақтар қойса, міне, мұның бәрі этикалық қателіктерге ұрындыратын басты себептер болып табылады. Мұндай жағдайға түспес үшін журналист өзінің әрбір сөзін, іс-қимылын бақылап, ойланып жасағаны дұрыс, оқиғаның мән-жайын терең түсініп барып, өзіндік шешімдер жасауы керек, сонымен қатар өзі жұмыс істейтін телеарнаның, радиостанцияның, газеттің беделіне нұқсан келтірмеуді ойлағаны жөн.

Кездесу барысында қолданылатын **ұжымдық ақпарат көздеріне** мәжіліс, жиналыс, конференция, дөңгелек үстел мен іскерлік кездесу клубтарының отырыстары, сот мәжілістері, баспасөз конференциялары, ресми емес жағдайда бас қосқан топтардың кездесулері кіреді.

Ұжымдық ақпарат көздерінің бағалылығы қарым-қатынастың табиғатымен тікелей байланысты демократиялылық, жеке бастың және көпшіліктің сыни пікірлері, мұндай жағдайда журналист көп бағытта ұтысқа шығады, яғни кездесулерде мамандар, сарапшылар өз ой-пікірлерін айтады, журналист құбылысты, оқиғаны, проблеманы жан-жақты танып біле алады әрі негізгі мән-маңызын түсінеді, сол арқылы өзінің алғашқы бақылаудан түйген ойларын

көңіл көзінен өткізіп, дұрыс немесе бұрыстығын саралайды, өзіне қажетті адамды кездестіреді және маңызды тақырыпты табады. Ең бастысы, сала маманымен өз әріптестерінің ортасында тұрғанда әңгімелесіп, пікірін білу қызық әрі құнды сәт болып саналады. Бірақ жариялылық жағдайында ақпарат жинағанда тілші, маманның басқа адамдардың алдында тұрып басшылардың қысымынан жасқанып немесе ұжым арасындағы мүдделердің қайшылығынан шынайы ақпарат бермей қалуы мүмкін екенін жоққа шығармауы керек. Сондықтан да ұжымдық көздерден алынған ақпараттарды қолданар алдында, оны басқа ақпарат көздерінен алған мәліметтермен мұқият салыстырып алған жөн. Журналист көп жағдайда бір адамның пікірін оны нақты атап көрсетпей-ақ ойланбастан көпшіліктің пікірі деп көрсете салады. Егер оқырман газеттен нақтыланбаған ақпарат көзінің пікірі деп берілген сілтемені көріп мысалға «бізге хабарлағандай...», редакциядан ақпарат көзінің нақты мекенжайын көрсетуді немесе ақпарат көзінің неліктен құпия сақталып отыруының себебін түсіндіруді талап етуіне құқығы бар.

Журналист жұмыс барысында нақты білімнің көрсеткіші ретінде танылатын әрі анықтама, зерттеу, дәлелдеу үшін қолдануға болатын қажетті **құжаттарға** иек артып жатады. Ал бұл материалдармен таныспас бұрын олардың авторларынан арнайы рұқсат алу қажет немесе мұрагерлерінен. Мақала барысында рұқсат алғаныңызды арнайы көрсетіңіз, дәйексөзді курсивпен айшықтап беріңіз, құжат пен оған берілген бағаны және журналистік мәтінді өзіндік ерекшеліктерін тез ажырататындай пішінде ұсыныңыз, сонымен қатар берілген құжаттарда жаңсақтықтың болуы мүмкін екенін ескерткен жөн. Ең соңында қажетті құжатты сізге берген адамға алғыс айтуды ұмытпаңыз.

Жағымды сипаттағы материалға қажетті мәліметтерді ақпарат беретін адамдарыңызбен байланысқа шықпай-ақ жинай беруіңізге болады. Кейіпкерлеріңізді хабарланбағаны бір жағынан ұтымды, өйткені олар өздері туралы пікір айтқан адамдарды табиғи қалыпта бақылауға мүмкіндік алады, өйткені көп жағдайда журналистің өздерінің материалдарының болашақтағы кейіпкерлеріне баруы оларды әбігерге салады әрі олар толқи бастайды. Бұл жерде ақпарат көздерін жіктеу туралы мәселе туындамайды, тек олармен жұмыс істеу тәсілдері көрінеді және ақпарат

жинаудың бақылау, кәсіптерді байланыстыру сияқты әдістемелері алға тартылады.

Кейбір журналистер ақпарат алу үшін арнайы қызмет бабындағы адамдар тобының мүшесімен, мысалы, ревизорлық немесе инспекторлық комиссия байланыс орнатады, бірақ мұндай жағдайда тілші арнайы комиссия өкілдерінің құқықтарын пайдаланып, нұсқаулықтар беруіне болмайды. Мұндай «мамандықтарды сабақтастыра пайдалану» тәсілі этикалық тұрғыдан көптеген қиыншылықтар тудырады, яғни атап айтқанда, адамдар мен ұйымдарға адамгершілік тұрғысынан және материалдық тұрғыдан зиян келтіру мүмкіндігі жоғары «таксист» көлік апатын жасауы мүмкін, «дәрігер» қате диагноз қоюы мүмкін, тәжірибесі аз «заңгер» қате кеңес беруі мүмкін. Осы жайттарды ескере келіп, төмендегідей талаптарды сақтау қажеттігі туындайды: журналистің біліктілігі «уақытша мамандық иесінің» талаптарымен сәйкес келуі керек, өзі уақытша атқарып жүрген жұмысқа және өзі қарым-қатынас жасап жүрген адамдарға зиянын тигізбеуі қажет.

Сыни корреспонденцияны жазғанда тілші ақпаратты жинау барысында, ақпарат беруші адамдар өздерінің журналистің көз қырына

ілінгендерін және оның мәліметтерді жинаудағы шынайы мақсатын сезбеулері де мүмкін. Мұндай тәсілмен ақпарат жинау жасырын мәлімет алумен тең келеді және «екіжүзділік» деп аталады. Журналистке кейіпкердің рұқсатынсыз және келісімінсіз диктофон қосуға нұсқау берілмейді және оған заңдық тұрғыдан тыйым салынған. Ең басты ескеретін жайт, егер кейіпкердің жеке басындағы қайғысы туралы әңгіме болса немесе оның тіл мүкістігі болса онда диктофонды қосу тіптен орынсыз болып табылады. Адамның жағдайын ескермеу арқылы екеуара әңгімені сәтсіздікке ұшыратуға болады. Жасырын камераны қолдану да әдепсіздік деп танылуы мүмкін.

Бір сөзбен айтқанда, кез келген ақпаратты ашық түрде жинау дұрыс әрі қолайлы тәсіл болатыны сөзсіз. Журналистердің халықаралық ұйымының кодексінде былайша көрсетілген: «журналист өз кәсібінің абырой-беделін қырағылықпен сақтауға міндетті. Ол лайықсыз жолдармен және тәсілдермен ақпарат алуға ұмтылмауы керек». Орнықты ұстаным журналисті жағымсыз деректер туралы шынайы және ешқандай толғаныссыз пікір білдіруге итермелейді, яғни ол өз көзқарасын ашық және шынайы түрде жеткізеді.

Әдебиеттер

- 1 «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 1999 жыл 23 шілде, №451.
- 2 Ағдарбеков Т., Әлайдар А., Алайдаров А. Құқық негіздері: оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2008. – 264 б.
- 3 Ворошилов В.В. СМИ: Правовые и этические нормы журналистики. – СПб.: Из-во Михайлова В.А., 1999. – 48 с.
- 4 Муратов С.А. Нравственные принципы тележурналистики. Опыт этического кодекса. – М., 1997.

References

- 1 «Bukaralyk akparat kuraldary turaly» KR Zany, 1999 zhyl 23 shilde, №451.
- 2 Agdarbekov T., Alaidar A., Alaidarov A. Kutyk negizderi. Oku kuraly. – Almaty, Zan adebiety, 2008. – 264 b.
- 3 Voroshilov V.V. SMI Provavye I eticheskije normy zhurnalistiki. – SPb., Iz-vo Mikhailova, 1999. – 48 s.
- 4 Muratov S.A. Nravstbennye pritsipy telezhurnalistiki. Opyt eticheskogo kodeksa. – M., 1997